

ХАТТАМА № 2

2021 жылғы 28.10

Жаңаөзен ауылы

Директор жанындағы кеңес отырысы

Қатысқандар: мектеп директоры К.С.Байғалиев,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
мектеп психологы, сынып жетекшілер

Күн тәртібі:

1. «Қауіпсіз мектеп ортасы» акциясының орындалуы.
2. 1-сынып оқушыларының бейімделуі, мектеп тәртібін орындаулары.

Тыңдалды:

1. Г.Ж.Тагаева –директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Акцияның мақсаты балалардың тәрбие қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және профилактикалық қауіпсіздік шараларын жетілдіру болып табылады. Акция барысында мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып балалардың жеке құқықтары мен қауіпсіздігін сақтау бойынша түрлі онлайн-іс шаралар ұйымдастырылды. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, оларға қатыгездікпен қарау фактілерін анықтау,кәмелетке толмағандарды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тартудың алдын алу жұмыстары жүргізілді. Акция шеңберінде өткізілетін әр кция шеңберінде өткізілетін әр іс-шара оқушылардың құқықтық санасын қалыптастыруға және қауіпсіз мектеп ортасын құруға жауапты мінез-құлық дағдылары мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталды. Бүгінгі күні барлық жұмыстар бекітілген жоспарға сәйкес өткізілуде.

2. А.Канашева – мектеп психологы.

2021-2022 оқу жылының психологиялық жұмысының жоспарына сәйкес 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау І тоқсанға жоспарланған. Жоспарға сәйкес 1 сынып оқушыларына «Керн-Иирасик» әдістемесі жүргізілді. Аталған әдістеменің негізгі мақсаты – мектепке баратын балалардың оқуға мотивациялық дайындығын анықтау. Балалардың оқуға қарым-қатынасын, басқа да оқуға дайындығын білдіретін психологиялық ерекшеліктерін анықтау. 1 сынып оқушыларымен «Мектепке саяхат», «Мен – оқушымын!» тақырыбында дамытушылық сабақтар өткізілді. 1 а,ә сынып оқушыларына қыркүйек –қазан айларының аралығында «Керн-Иирасик» әдістемесі жүргізілді. Диагностика нәтижесі қосымшада жасалды. 1 «А» сынып оқушысы Балташова Шәмс мектепке бейімделуіне байланысты қиындықтар болды. Мектеп әкімшілігі анасымен жүйелі жұмыс жүргізіп, мектеп психологы мен сынып жетекшісі тарапынын кеңестер беріліп, жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде қазіргі уақытта Балташова Шәмс еш қиындықсыз жақсы көңіл- күймен мектепке келуде.

Құрылған сұрақтар бойынша қабылданған қаулы:

1. 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау бойынша диагностикалық жұмыстар әрі қарай жүргізілсін.
2. Баланың оқуға қарым-қатынасын, басқа да оқуға дайындығын білдіретін психологиялық ерекшеліктерді анықтау жұмыстары жүргізілсін.
3. «Қауіпсіз мектеп» акция барысында тиісті мемлекеттік органдармен бірлесе отырып қашықтықтан іс-шаралар ұйымдастыру мектеп психологтарына жүктелсін.
4. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, оларға қатыгездікпен қарау фактілерін анықтау, кәмелетке толмағандарды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тартудың алдын алу жұмыстары жүргізілсін.
5. Осы қаулының орындалуына жауапкершілік директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, мектеп психологтарына, сынып жетекшілерге жүктелсін.

Төрағасы



Байғалиев К.С.

Хатшы

Мадыбаева А